


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

2(10)2025



ӘОЖ 94(574):069

МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТТАР: ТАРИХИ ДЕРЕК ПЕН РУХАНИ МҰРА РЕТІНДЕ

Н.О. Асылбекова

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі

Аңдатпа. Мақала Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әскери-далалық пошта жүйесін зерттеуге, сондай-ақ майдан хаттарын бірегей тарихи дереккөз ретінде деректанулық тұрғыдан қарастыруға арналған. Майдан хаттары тарихи әрі әлеуметтік маңызы зор дереккөз ретінде талдауға алынады. Зерттеу барысында 1941-1945 жылдар аралығында майдандағы жауынгерлер мен олардың отбасылары арасындағы хат-хабар алмасу үдерісі талданады. Атап айтқанда, әскери-далалық пошта қызметінің ұйымдастырылу ерекшеліктері, хаттарды жеткізу тетіктері, сондай-ақ цензураның рөлі мен оның хаттардың мазмұнына әсері жан-жақты қарастырылған.

Мақалада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР MOM) қорында сақталған соғыс жылдарына тиесілі түпнұсқа хаттар тарихи дереккөз ретінде қарастырылады. Бұл хаттарда сол кезеңдегі қоғамдық көңіл-күй, сарбаздардың рухани жай-күйі, отбасылық қарым-қатынас, елге деген сағыныш пен үміт, сондай-ақ әскери қызметтің ауыртпалықтары мен майдандағы өмір шындығы бейнеленген. Мақалада хаттар тілдік және мазмұндық тұрғыдан талданып, олардың лексикалық ерекшеліктері, эмоционалдық бояуы мен семантикалық құрылымы қарастырылады. Сонымен қатар мақалада далалық пошта байланысының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз еткен мемлекеттік құрылымдар мен әскери басқару тетіктері сипатталады. Автор соғыс жылдарындағы пошта жүйесінің майдан мен тыл арасындағы әлеуметтік байланыстың маңызды құралы ретінде атқарған рөліне ерекше назар аударады. Зерттеу нәтижелері хаттардың құжаттық құндылығын ғана емес, тарихи-мәдени, рухани мәнін де ашып көрсетеді. Зерттеудің өзектілігі соғыс уақытындағы пошта байланысының әлеуметтік және тарихи маңызын түсіну, сондай-ақ дереккөз ретінде майдандық хаттардың ақпараттық құндылығын бағалау қажеттілігінде. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери дала поштасының құрылымы мен қызметін талдауға және майданнан жіберілген хаттардың тарихи-мәдени құндылығын анықтауға ерекше назар аударылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің қорындағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі майдан хаттарының түпнұсқасы алынды. Зерттеу барысында хаттардың тақырыптық және мағыналық мазмұнын талдауға бағытталған контент-талдау, сондай-ақ олардың деректік маңызын анықтауға мүмкіндік берген деректанулық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар зерттелген материалдың тарихи-мәдени және рухани қырларын анықтау үшін жүйелеу, сипаттау және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

Тірек сөздер: ҚР Мемлекеттік Орталық музей, майдандағы хаттар, далалық пошта, Ұлы Отан соғысы, майдан поштасы, отбасылық байланыс.

Сілтеме жасау үшін: Асылбекова Н.О. Майданнан келген хаттар: тарихи дерек пен рухани мұра ретінде // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), 47-58 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.04

ПИСЬМА С ФРОНТА: КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК И ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ

Н.О. Асылбекова

Центральный государственный музей Республики Казахстан

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию системы военно-полевой почты в период Великой Отечественной войны, а также источниковедческому анализу фронтовых

писем как уникального исторического источника. В ходе исследования рассматривается процесс переписки между солдатами на фронте и их семьями в тылу в 1941-1945 годах. Особое внимание уделяется организации полевой почтовой связи, механизмам доставки писем, а также роли цензуры и ее влиянию на содержание писем.

В качестве источников использованы подлинные фронтовые письма из фонда Центрального государственного музея Республики Казахстан (ЦГМ РК). Эти письма отражают общественные настроения, духовное состояние солдат, семейные отношения, тоску по родине и надежду, а также тяжелую реальность фронтовой жизни. Письма анализируются с содержательной и языковой точек зрения, исследуются их лексические особенности, эмоциональная окрашенность и семантическая структура. Кроме того, в статье рассматриваются государственные структуры и военные механизмы, обеспечивавшие эффективную работу полевой почты. Автор акцентирует внимание на значимой роли почтовой связи как важного средства социального взаимодействия между фронтом и тылом. Результаты исследования раскрывают не только документальную ценность писем, но и их историческое, культурное и духовное значение. Актуальность исследования заключается в необходимости осмысления социальной и исторической значимости почтовой связи в военное время, а также в оценке информационной ценности фронтовых писем как источников. Особое внимание уделяется анализу структуры и функционирования военно-полевой почты в годы Великой Отечественной войны и выявлению историко-культурной ценности писем, отправленных с фронта.

Материалы и методы исследования. Основным источником исследования стали подлинные фронтовые письма периода Великой Отечественной войны из фондов Центрального государственного музея Республики Казахстан. Применён комплекс методов, включающий контент-анализ для изучения тематического и смыслового содержания писем, а также источниковедческий анализ, позволивший определить их документальную значимость. Дополнительно использовались методы систематизации, описания и сравнительного анализа для выявления историко-культурных и духовных аспектов исследуемого материала.

Ключевые слова: Центральный музей РК, фронтовые письма, полевая почта, Великая Отечественная война, военная почта, семейные связи.

Для цитирования: Асылбекова Н.О. Письма с фронта: как исторический источник и духовное наследие // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), с. 47-58. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.04

LETTERS FROM THE FRONT: A HISTORICAL SOURCE AND SPIRITUAL HERITAGE

N.O. Assylbekova

The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The present article focuses on the study of the military field postal system during the Great Patriotic War, analysing wartime letters as a unique historical source. The research explores the correspondence process between front-line soldiers and their families on the home front from 1941 to 1945. This study focuses on the organisation of field postal services, delivery mechanisms, and the role of censorship, with particular attention paid to its impact on the content of letters.

The study grounded in original wartime correspondence preserved in the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (CSM RK). These letters offer insight into the prevailing social mood of the era, the spiritual well-being of soldiers, the intricacies of familial relationships, the profound yearning for home, the glimmer of hope, and the unrelenting harshness of life at the front. The letters are analysed from linguistic and content perspectives, focusing on lexical features, emotional tone, and semantic structure. Moreover, the article describes the state institutions and military mechanisms that ensured the effective operation of the field postal system.

The author emphasizes the crucial role of postal communication as a key tool for maintaining social connections between the front and the real life. The research findings highlight not only the documentary value of these letters but also their historical, cultural, and spiritual significance. The importance of the study lies in comprehending the social and historical significance of postal communication in wartime, as well as in evaluating the information value of front-line letters as sources. This study focuses on the analysis of the structure and functionality of military field mail during the Great Patriotic War, with a view to identifying the historical and cultural value of correspondence sent from the front.

Materials and research methods. The primary source of the study consists of authentic wartime letters from the period of the Great Patriotic War, preserved in the collections of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The research employed a set of complementary methods, including content analysis to examine the thematic and semantic aspects of the letters, and source analysis to assess their documentary value. Furthermore, methodologies of systematization, description, and comparative analysis were employed to identify the historical, cultural, and spiritual dimensions of the material.

Keywords: the Central State museum of RK, front letters, field post, Great Patriotic War, military mail, family communication.

For citation: Assylbekova N.O. Letters from the front: a historical source and spiritual heritage // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), pp. 47-58. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.04

Қысқашы. Өмірде адам баласы бір-бірімен байланыс орнатуға, ойын, тілегін, ниетін жеткізуге ұмтылып келген. Сол ұмтылыстың бір көрінісі – хат. Хат – жай ғана қағаз бетіндегі сөздер жиынтығы емес. Ол – адамның ішкі жан-дүниесінің айнасы, жүрегінің үні, көкейіндегі терең сыр. Кейде хатта айтылған бір ауыз сөз адамның өмірін өзгертіп, тағдыр таразысын тербетіп жіберуі мүмкін. Хат – үнсіз диалогтың тілі, іштегі сезімнің жазбаша көрінісі.

Уақыттың, қашықтықтың, тіпті замана ағынының өзі тосқауыл бола алмаған рухани көпір – осы хат еді. Соғыс жылдарында осы хаттарды иесіне жеткізу қызметі арнайы далалық пошта жүйесіне жүктелді. Әскери-далалық пошта тек ақпараттық байланысты ғана емес, майданда да, тылда да моральдық рухты сақтауды қамтамасыз етті. Соғыс жылдарында пошта қызметі ерекше маңызға ие болды және майдан пошта бөлімшелері фронттың барлық бөлімшелерінде жұмыс істеді. Хаттарды жеткізу үшін пошташылар өз өмірін қауіпке тіккен. Майдан мен тыл арасында тиімді пошта байланысын құру соғыс уақытының маңыздылығы жоғары міндеттерінің бірі болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери-далалық пошта қызметі КСРО халықтарының рухани бірлігін сақтауда және соғысқа қарсы күрестегі моральдық күшті нығайтуда маңызды рөл атқарды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде миллиондаған адамдар отбасынан ажырап, майданға аттанды. Олардың отбасымен жалғыз байланысы – хат болды. Бұл хаттар тек қарапайым хабарласу құралы ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің рухани байлығы, адамның адамға деген сүйіспеншілігінің, отансүйгіштіктің және өмірге деген сенімнің куәсі. Соғыс жылдарында хат алу немесе жазу әрбір адам үшін өмірлік маңызға ие болды, өйткені майдандағы жауынгер үшін ол – тек хабар емес, рух беретін тірек, жігер сыйлайтын деру болды. Ал үйде қалған отбасы үшін майданнан келген әрбір сөз аман-есен болуының белгісі, келешекке деген үміттің жалғасы еді. Соғыс тарихы ресми деректер мен хронологиялық шежірелер арқылы ғана емес, сонымен қатар қарапайым адамдардың күнделікті тәжірибесі мен сезімдерін жеткізетін эпистолярлық мұралар арқылы да сақталады.

Нәтижелер және талқылау. Мақалада Ұлы Отан соғысы кезіндегі далалық пошта жүйесі және ҚР МОМ қорында сақталған 1941-1945 жылдары жазылған майдан хаттары тек тарихи куәлік ретінде емес, ұлттың рухани жадын сақтаушы және болашақ ұрпаққа үлгі болатын мәдени-рухани мұра ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда көптеген мұндай хаттар музейлер мен архивтерде сақталған. Олардың әрқайсысы – бір адамның тарихы, бір отбасының драмасы, ал жалпы алғанда – бүкіл




халықтың рухани портретін көрсетеді. Осы хаттарды зерттеу арқылы біз сол заманның адамдарының ішкі әлемін, олардың ойлары мен сезімдерін, қорқыныштары мен үміттерін түсіне аламыз. Ұлы Отан соғысы кезінде пошта қызметі тек хат тасымалдау құралы ғана емес, майдан мен тылды байланыстыратын стратегиялық маңызды элемент болды. Пошта адамдардың моральдық рухын көтеру, отбасылық байланыстарды сақтау және жеңіске деген сенімді нығайту үшін өмірлік маңызды рөл атқарды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы КСРО тарихындағы ең ауыр сынақ болды. Осы күрделі кезеңде фронт пен тыл арасындағы байланысты қамтамасыз ету стратегиялық маңызға ие болды.

Әскери-далалық пошта жүйесі: ұйымдасуы мен логистикасы. 1941-1945 жылдар аралығында Кеңес Армиясы пошта қызметін жүйелі түрде ұйымдастыра білді. Поштаны жеткізу үшін арнайы шартты белгілер болды. Арнайы шартты белгілер хаттардың қай бөлімнен жіберілгенін жасырын сақтауға мүмкіндік берді. «Цензура» жүйесі де белсенді жұмыс жасап, қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Далалық пошта құрылымы бірнеше деңгейден тұрды: полк пошта бөлімшелерінен бастап орталық сұрыптау пункттеріне дейін арнайы ұйымдастырылған пошталық тізбек әрекет етті. Пошта бөлімшелері барлық майдандық бағыттарда үздіксіз жұмыс істеп, кезек күтусіз жөнелтілім қабылдауға мүмкіндік берілді. Хаттарды жеткізу үшін пойыздар, ұшақтар, мотоциклдер, кемелер секілді әртүрлі көлік құралдары пайдаланылды. Бұл – пошта тасымалына жоғары маңыздылық берілгенін көрсетеді. Соғыс жылдары пошта қызметіне генерал И.Т. Пересыпкин басшылық етті. Майданға ай сайын 70 млн-нан астам хат жеткізіліп тұрды. Қызыл Армиядағы байланыс жүйесін жетілдіруде И.Т. Пересыпкин шешуші рөл атқарды. Ол бір мезгілде халық байланысы наркомы мен армия байланысы басқармасының бастығы болды. Оның естеліктерінде соғыс басында байланыс құралдары өте нашар болғандығы айтылады. Мысалы, 1941 жылы телефон аппараттарымен қамтамасыз ету деңгейі тек 47% болған. [Пересыпкин, 1974: 81-82]. Пересыпкин ұйымдастырған арнайы байланыс жүйесі Мәскеу айналасында қорғаныс шеңберін қамтамасыз еткен. Қорғаныс халық комиссариаты майдан поштасының ұйымдастырылуына қатысты нақты нұсқаулықтар мен бұйрықтар бекітті. Соғыс жылдарында барлық әскери бөлімшелерге шартты пошта нөмірлері берілді. Олар әскери бөлімнің нақты атауын жасырып, орнына тек белгілі бір сандық кодпен белгіленді. Мысалы, 1943 жылдың 6 ақпанынан бастап пошталық мекенжай тек бес цифрдан тұратын жүйеге көшірілді.

Осылайша, әскери-далалық пошта жүйесі – соғыс жағдайындағы кеңес қоғамының жоғары ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін және адами құндылықтарды сақтау жолындағы ұмтылысын айқындайтын маңызды құрылым болды. Ол тек материалдық емес, рухани тұрғыда да әскери күштің тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап, ер адамдардың басым көпшілігі Кеңес Армиясының қатарына түскенде, оларға үйден кем дегенде қандай да бір хабар алуға мүмкіндік беретін жалғыз үміт көзі пошта байланысы болды. Бұл ең трагедиялық кезеңде еліміз тарихында батыр болып тек солдаттар ғана емес, сонымен қатар әрекет ететін әскери бөлімшелерге корреспонденция жеткізген, өз өмірін қауіпке тіккен пошташылар да болды.

Далалық пошта жүйесі полк пошта станцияларынан орталық сұрыптау пункттеріне дейін бірнеше ұйымдастыру деңгейлерін қамтыды. Соғыстың алғашқы апталарында пошта қызметкерлері конверттердің жетіспеушілігі мәселесімен кездесті. Көбінесе хаттар қағаз жетіспегендіктен газет парақтарына, блокнот беттеріне жазылатын. Майдан хаттарының деректік ерекшелігі де назар аударарлық. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі қорында сақталған КП 17763/40а хат 1944 жылы 18 тамызда жазылған. Хаттың соңы *«қағаз салыңыздар хат жазуға да қағаз жоқ»*, – деген сөйлеммен аяқталған (Сурет 1). Осы деректер сол кезеңдегі жағдайды сиппаттап тұр. Яғни қағаздың тапшы болғандығын айғақтайтын дәлел. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі хаттарда *«аралас графика»* құбылысы байқалады. Яғни латын және кирилл әріптері бірге қолданылған. Хат **латын әріптерімен кириллица негізінде қазақ тілінде жазылған**. Бұл – сол уақыттағы қазақ жазуының реформалық өтпелі кезеңін көрсететін маңызды тілдік белгі.



Сурет 1. КП 17763/40а – жауынгердің Шекманова Айтжанға жолдаған хаты
(ҚР МОМ қорынан)

Соғыс жылдары жазылған хаттарға, марка қажет болмады, себебі, майдангер хаттары тегін жіберілді. Сыртқы жағына баратын мекенжайы мен кері мекенжай жазылды, сондай-ақ пошта қызметкерлерінің белгілері үшін таза орын қалдырылды. Хат желімделмеді, себебі оны цензура оқитынын барлығы білді. Әскери цензура ерекше рөл атқарды, ол әскери ақпаратты жария етуді болдырмау және қоғамдық көңіл-күйді сақтау мақсатында хат-хабар мазмұнын бақылады. Цензорлардың бағалауынша, әртүрлі топтарға жататын хаттарда құпия ақпарат өте сирек кездескен. Мысалы, сарбаздың қазіргі уақытта қай жерде екені көрсетілмеген, ал елді мекендердің атаулары кездескен жағдайда, олар әдетте боялып немесе өшіріліп отырған. Майданнан жазылған хаттардың мазмұны әскери цензорлар тарапынан мұқият тексеріліп, қатаң бақылауға алынған. Соғыстың басталуына дейін-ақ Кеңес Одағында әскери цензураны күшейту шаралары «заман талабына сай» қолға алынған болатын.

БК(б)П Орталық Комитетінің КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы бас әскери цензор лауазымын бекіту туралы қаулы жобасы 1941 жылдың 2 маусымымен белгіленген. Бұл жоба пошта-телеграфтық цензураның жаңа ережелерін қарастырған және цензорлар санын 41351 бірлікке дейін ұлғайтуды ұсынған (әрбір цензорға күніне 150 хат немесе 600 телеграмма тиесілі есеппен) [Белоглазова, 2013:189]. Сыртына «Полевая почта» мөрі басылды, бұл мөр хатқа марка жабыстырмай, жөнелтуге болатынын көрсетеді (Сурет 2, 3). Қазіргі таңда, бұл мөр – соғыс кезінің нақты куәсі.



Сурет 2. КП 18731/24 – Далалық пошта мөрі



Сурет 3. КП 17763/40в(ҚР МОМ қорынан)

Қорғаныс наркомының бұйрығына сәйкес соғыс кезеңінде Қызыл Армия үшін пошта корреспонденциясын мекенжайлау жөніндегі жаңа нұсқаулық қабылданды. Майданға жеткізу қажет хаттағы мекенжай соғыс басында «Ә.Қ.А. – Әрекет ететін Қызыл Армия» деп жазылды. Содан кейін ДПС немесе далалық пошта станциясының реттік нөмірі, полктің нөмірі мен солдаттың қызмет орны көрсетілді.

Соғыс жылдарында хаттар алушыларға қазіргі уақытқа қарағанда тезірек жетіп отырды. Соғыс жылдарында армия поштасы үшін ерекше жағдайлар жасалды. Пошта жөнелтулері барлық қол жетімді көлік құралдарымен жеткізілді: пошта вагондарымен, кемелермен, ұшақтармен, тіпті мотоциклдермен де. Майдандық пошта кезексіз өткізілді, ал пошта пойыздары тоқтаусыз жүрді.

Қойылған міндеттерді әскери-далалық пошта органдары сәтті орындады, бұл бірқатар ұйымдастырушылық шаралардың жүзеге асырылуына байланысты мүмкін болды. Мысалы, әскери-далалық пошта бөлімшелерінің барлығы дер кезінде жылжымалы құралдармен қамтамасыз етіліп, барлық автокөлік жақсы техникалық күйге келтірілді. Баспасөз бен пошта жөнелтілімдерін шалғай аймақтарға жедел жеткізу мақсатында 12 ұшақ бөлінген. Жеке құрам тексеріліп, тәжірибелі командирлермен толықтырылды. Майдан шегінде пошта жөнелтілімдерінің неғұрлым тиімді әрі жылдам жеткізілуін ескере отырып, әскери-далалық пошта қызметі мен айырбас пункттерінің орналасу жүйесі қайта қарастырылды. Орталық майдан байланыс басқармасының әскери-далалық пошта бөлімінің бастығының көмекшісі майор И.В. Самойленко құрастырған анықтамаға сәйкес, 1943 жылғы 1-15 шілде аралығында армиялық әскери-пошталық базалар арқылы алынған және жөнелтілген корреспонденция көлемі төмендегі сандармен өрнектеледі (Кесте 1). [Коровин, 2019: 28]

Кесте 1.

ВПБ армии	Начальник отдела связи армии	Получено из тыла в армию		Отправлено из армии в тыл
		газет	писем	писем
13 А	И.Ф. Ахременко	815 000	832 000	335 200
70 А	Н.Х. Новгородкин	238 000	494 800	242 000
48 А	С.С. Мамотко	202 400	299 000	223 000
65 А	А.И. Борисов	195 400	538 800	420 400
60 А	С.С. Нестеров	190 500	765 600	199 400
2 ТА	И.С. Смолий	177 600	370 200	273 800
Итого:		1 818 900	3 300 400	1 638 000

Составлена по: Центральный архив Министерства обороны РФ (ЦАМО РФ). Ф. 226. Оп. 347. Д. 26. Л. 464.

1944 жылдың Мемлекеттік қорғаныс комитеті арнайы қаулы қабылдады, оған сәйкес әрекет ететін армияның барлық әскери қызметшілеріне айына бір рет үйге белгіленген салмақтағы сәлемдеме жіберуге рұқсат етілді. 1945 жылдың тек төрт айында пошта елдің тылына он миллион сәлемдеме жеткізді, оларды тасымалдау үшін он мыңнан астам екі осьті

пошта вагоны қажет болды. Кеңестік пошта үшін ең қиын сынақ, оғаш болып көрінгенмен, шайқас емес, бейбіт күндер болды. Германияның капитуляция актісі қол қойылғаны туралы жариялаған 1945 жылғы 9 мамырдан бастап жүз мыңдаған құттықтау хаттары, ашық хаттары барлық пошта бөлімшелерін толтырды. Мұндай хабарлама ағымымен күресу іс жүзінде мүмкін емес еді. Пошта бөлімшелерінде хат үйінділері жинақталды және, әрине, олар алушыларға үлкен кешігумен келді.

Соғыс туралы естеліктің маңызды құжаты. Сарбаз хаттары – бұл соғыс пен өткен дәуір туралы куәлік беретін құжаттар. Бұл – маңызды тарихи дереккөз. Ол жеке адамдардың естеліктерінен бастап, Отан тарихына дейінгі кең өрісті қызығушылықты оятады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлердің хаттары – тек қағаз бетіндегі жолдар емес. Бұл миллиондаған адамның жүрегінің дауысы, батырлықтың куәсі. Олар бізге шынайы адамгершіліктің, отансүйгіштіктің, отбасылық құндылықтардың мәнін түсіндіреді.

Соғыс жылдарындағы хаттар майдан жағдайындағы кеңес сарбазының өмірін зерттеуде үлкен рөл атқарады. Бұл эпистолярлық дерек көзі тек тұрмыстық жағдайлар туралы ғана емес, сонымен қатар сарбаздардың моральдық және психологиялық күйі жөнінде де түсінік алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ бұл күйдің соғыстың басынан соңына дейін қалай өзгергенін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл – өркениеттік тәсіл аясында аса маңызды. Майданнан келген хаттар арқылы сол кезеңдегі күнделікті өмірдің тірі тарихы көрініс табады, аналарға, әйелдерге, сүйіктілеріне деген құрметті, жылы қарым-қатынасты аңғаруға болады. Осы қатынастар арқылы сарбаздар өздерінің Отанға деген көзқарасын білдіреді, өйткені олар үшін ең қымбат және маңызды нәрсе – жақындарының амандығы. Егер олар аман болса, демек Отан да аман болады [Белоглазова, 2013:190].


Бұл хаттар – бүгінгі ұрпақ үшін құнды тарихи дерек, елдік пен егемендіктің белгісі. Бүгінде технология дамып, заманауи байланыс құралдары сан қырлы мүмкіндіктер ұсынса да, хаттың орны бөлек. Қағазға түскен әр әріп, қолмен жазылған әр жол – жүректен шыққан сөздің салмағын арттырып, сөзге жан бітіретін секілді. Мұндай хаттар жылдар өтсе де, сарғайған парақ болып, естеліктің мәңгілік жәдігеріне айналады. Ол – тарихтың тілі, руханияттың мұрасы, адамның жан сыры. Сондықтан біз оны тек өткеннің белгісі деп емес, болашақпен байланыс құралы ретінде де бағалауымыз керек. 1941-1945 жылдары тарихымызда ерекше орын алған екінші дүние жүзілік соғысы кезіндегі майданнан келген хаттардың орны ерекше. Майданнан келген хаттар – бұл жай ғана хабар емес, бұл – соғыс жылдарындағы үміт пен рухтың тірі куәсі. Қара қағаз емес, қара қаламмен жазылған ақ парақтағы әр әріп – тұтас бір тағдырдың, сарғайған сағыныштың, үміт пен қорқыныштың елесі іспетті.

Ұлы Отан соғысы жылдары хат – адам мен өмір арасындағы жалғыз көпір болды. Қан майдандағы жауынгер мен тылдағы ана, жұбайы, баласы немесе сүйгені арасындағы жалғыз байланыс – осы сарғайған конверттер еді. Олар кейде бірнеше апта, тіпті айлар бойы жол жүріп, қараша үйдің табалдырығына қуаныш пен қорқыныш алып келетін. Сезімге толы сол хаттар кейде адамның тағдырын өзгертсе, кейде соғыстың ауыр салмағын жеңілдеткен жалғыз жұбанышқа айналаған.

Майдан хаттары – соғыс туралы естеліктерді жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды дереккөз. Олар сарбаздың күнделікті өмірі мен рухани күйін аша отырып, сол кезеңнің моральдық бейнесін айқындайды. Бұл хаттардағы жақындарға деген сүйіспеншілік пен адалдық – жауынгердің Отан алдындағы борышын терең түсінгенінің айғағы [Яковлев, 1962: 190]. Майдандық хат-хабар алмасуды талдау хаттардың бірнеше негізгі түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: жеке адамдарға жазылған жеке хаттар, ұйымдарға жазылған хаттар және ұжымдық хаттар. Хаттардың жазылу стилистикасы, мазмұны әр түрлі болды. Майданнан келген хаттардың әрқайсысы бірегей туынды деп те айтуға болады. Хаттардың деректік маңыздылығы да зор. Олар соғыс жағдайындағы нақты өмір шындығын, тұрмыстық қиындықтар мен әлеуметтік қатынастарды шынайы сипаттайды. Тілдік тұрғыдан алғанда, майдан хаттарында бейресми, ауызекі сөйлеу тілі, эмоционалды экспрессия, поэтикалық

элементтер мен әскери терминдер үйлесім тапқан. Бұл құбылыс хаттарды таза лингвистикалық зерттеулер үшін де құнды материалға айналдырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінің қорында, сол бір кезеңнен ақпарат беретін көптеген хаттар сақталған. Сондай хаттардың бірнешесіне осы мақалада талдау жасалып, негізгі ой түсіндіріледі. Мысалы, төменде КП 18058/38 хатты 1943 жылы 25 сәуірде майданда жүрген әкесі қызына жазған (Сурет 4). Хаттан үлкен сағынышпен мейірімді және ертеңгі күнге деген сенімділікті байқауға болады. Жау көзін құрту үшін күресіп жатқан әкесі, елде қалған қызының 14 жасқа толған туған күніне орай жазған құттықтау хаты. Бұл жай ғана құттықтау емес, бұл жерде сол кезеңнің ауыр трагедиясы сипатталып тұр. Хаттың алғашқы жолдары «Тебе исполнилось 14 лет. Желаю счастья и здоровья» деген құттықтаумен басталған. Хаттың екінші бөлімінде, әкесі қызының туған күніне қандай сыйлық беру ойында болғанын жазған. «Вместо подарка одеколона душистого, Мой подарок боевой, полный разгром фашистов. С победой вернутся домой» – егер де бейбітшілік уақыт болса, қызына әтір сыйлар еді, бірақ сол уақыттың қарапайым халықтың санасын түбегейлі өзгерткенін көріп отырмыз. Қызына жеңіс сыйлайтынын, елге аман-есен оралғысы келетінін жазады. Әтір орнына «жеңіс» ұсынудың өзі, автордың қарапайым тілде, қызына тілегін білдіре отырып, жеке адамның бақыты, туған елінің азат болуымен байланысты екенін де түсіндіргендей.




Сурет 4. КП 18058/38 – Әкесінің қызына жолдаған хаты (ҚР МОМ қорынан)

Майдандық хат-хабар алмасудың көпшілігін құрайтын жеке хаттар терең эмоционалдық және шынайылықпен ерекшеленді. Майдандағы хаттар соғыс уақытының ерекшеліктерін көрсететін бірегей лингвистикалық материал ретінде қарастырылуда.

М.М. Бахтиннің айтуынша, «Біз тек белгілі бір сөйлеу жанрларында ғана сөйлейміз, яғни біздің барлық айтылымдарымыз тұтастықты құрудың белгілі бір салыстырмалы түрде тұрақты типтік формаларына ие болады» [Иванюк, Харитонов 2023: 21] яғни, майданда хат жазған майдангерлеріміздің ауызша сөйлеу, әскери терминология және әдеби тіл элементтері органикалық түрде үйлесіп жатты. Көптеген хат авторлары білім деңгейіне қарамастан өз ойлары мен сезімдерін барынша дәл және көрнекі түрде білдіруге ұмтылды.

Келесі бір қызықты хат КП 17426/8 (Сурет 5). Бұл хат майданға жазылған. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жеке хат-хабардың үлгісі ретінде қарастыруға болады. Ол сол кездегі қарапайым адамдар арасындағы рухани байланыс пен өмірлік жағдайларды сипаттайтын маңызды тарихи дерек.




Сурет 5. КП 17426/8- Валентинаның жауынгер А.Соколовқа жолдаған хаты (ҚР МОМ қорынан)

Хат «Здравствуйте, Толик!» деген жылы амандасудан басталады. Жіберуші хат жазуға түрткі болған сезімдері мен ниетін түсіндіреді: «...с тобой письменно, если нет возможности говорить...» Бұл соғыс кезіндегі көп адамның сезімі – жақындарымен тек хат арқылы тілдесу. Хатта Валентина өзінің жан дүниесіндегі ойымен ішкі күйін ашық жеткізеді. Ол өзі туралы, өмір жайлы көп ойланғанын, жалғыздық пен ішкі күйзелісті сезінетінін жазған. «У меня очень часто тяжело на душе...» Бұл сөйлемдерден оның жүрек сыры, өз ішіндегі жалғыздық пен сағыныш сезіледі. Соғыс кезіндегі көптеген азаматтардың күйзелісі мен психологиялық ауыр халін білдіреді. Хатта автор өзінің болашаққа құрған жоспарымен және алғаш бастаған қадамымен бөлісуде. «Сегодня я написала заявление в облкомздрав...» Валентина өзінің оқуын аяқтап, жұмыс істеп, әрі қарай оқуды жалғастырғысы келетінін айтады. Бұл – бейбіт өмірге деген үміттің белгісі. Майданда жүрген жауынгерге де ертеңгі күніне деген сенімділікпен күш береді. Хат жылы, жан тебіренерлік қоштасумен аяқталған. «До свиданья. Целую тебя. Валентина.» Бұл қоштасу сөздерінен терең махаббат, сағыныш, үміт байқалады. Валентина Толикке жазған хатында жалғыздық пен үміт қатар өрілген. Хаттарда отансүйгіштік, отбасыға деген сағыныш, ерлік пен сенім көрініс тапқан Хатты Қарағанды қаласының Валентина есімді тұрғыны, майданға кеткен өзінің жақыны Соколов Анатолийге жазған. Хат 1944 жылы 25 мамырда жазылған.

Хат тарихи жадыны сақтауға және жеңімпаз ұрпақ ерлігін дұрыс түсінуді қалыптастыруға ықпал етеді. Майдан хаттарының рухани маңызын бөлек атап өткен жөн. Олар – жауынгердің рухын көтеретін, үміт пен сенімге дем беретін тірек болған. Үйден

келген әрбір хат – сарбаз үшін майдандағы оқ пен отқа қарсы тұра алатын психологиялық қалқан іспеттес еді. Ал тылдағылар үшін майданнан келген әр сөйлем – тірі екенінің дәлелі, өмірдің жалғасуына деген сенім болған. Осылайша, майданнан келген хаттар – зұлмат жылдардың үнсіз куәсі ғана емес, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін рухани бағдар, ел тарихының терең қабаттарын ашатын алтын көпір. Олар уақыт пен кеңістікті байланыстыратын мәдени код, ұрпақтар арасындағы үнсіз диалог.



Сурет 6. КП 18731/24 – жауынгер Юсуптың достарына жазған хаты (ҚР MOM қорынан)

Майдан хаттарының арасында достар мен әріптестерге жолданған хаттар да жиі кездеседі. ҚР MOM қорында сақталған хаттардың жанры, жазылу стилистикасы әр түрлі. Хаттарды оқып отырып, сұрапыл соғыс жауынгерлеріміздің сағын сындырмағаны, рухани құндылықтарын жоғалтпай бейбіт күнге деген сенімдері тәнті етеді. КП 18731/24 хатында Юсуп есімді жауынгер Сарсен мен Ясырға хат жолдап, аман қалғанына шүкір айтып, елге қайтқасын ғылымға қайта оралуды жоспарлағанын жазады: «Разумеется, я очень рад, что пережил эту проклятую войну. Сейчас у меня одно желание, одна мысль – снова взяться за свою научную работу» (Сурет 6). Мұндай хаттар – білім мен ғылымға деген адалдықтың, адамның бейбіт мақсаттарға қайта оралуға деген ұмтылысының айғағы. Мұндай хаттар соғыстың адам жанын күйретіп қана қоймай, рухын да шыңдағанын көрсетеді. Олар бізге бейбіт күннің қадірін ұғындырады. Әр хат – қанмен жазылған шежіре, әр жолы – ерлікке толы дастан.

Қорытынды. Майдан хаттары – тілдік жағынан әрқелкі, бірақ тарихи контексті толық бейнелейтін, соғыс шындығының тікелей көрінісі. Олар автордың біліміне, психологиялық күйіне, әскери жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Осындай ауыспалы, экспрессивті тіл құрылымдары олардың ғылыми-тілдік құндылығын арттыра түседі және оларды тек мазмұн емес, форма тұрғысынан да талдау қажеттігін көрсетеді. Бұл – сол дәуірдің тілдік портретін жасауда маңызды дерек көзі.

Зерттеу нәтижесінде майдан хаттары тек коммуникациялық құрал емес, рухани байланыс және тарихи жадтың көрінісі екені анықталды. Хаттар тілінде сол кезеңнің психологиялық жағдайы мен азаматтық жауапкершілігі көрініс тапты.

Зерттелген хаттардың мазмұны бір адамның немесе отбасының ғана емес, тұтас ұлттың рухани жай-күйін сипаттайды. Бұл эпистолярлық мұралар – соғыс тарихының

ауызша емес, жазбаша және жүректен шыққан шежіресі. Олар ерлік, үміт пен сағыныш арқылы ұлттың рухын сақтап қалған жәдігер ретінде бағаланады.

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданнан жазылған хаттар – тарихи, рухани және тілдік тұрғыдан аса құнды дерек көзі. Бұл хаттар сол дәуірдегі миллиондаған адамдардың жеке тағдырының, ішкі жан-дүниесінің, қоғамдағы моральдық ахуалдың айнасы іспеттес. Жазылған әрбір жол, қарапайым сөйлем – тұтас бір дәуірдің рухани пейзажын, соғыс шындығын, адамдар арасындағы ажырамастай байланысты суреттейді. Майдандағы хаттар соғыс уақытының оқиғаларын ғана емес, сонымен бірге олардың қатысушыларының ішкі әлемін де қайта құруға мүмкіндік беретін бірегей тарихи дерек. Әскери-далалық пошта жүйесі майдан мен тыл арасындағы маңыздылығы жоғары байланысты қамтамасыз етіп, Отан қорғаушыларының моральдық рухын сақтады.

Майдан хаттары – соғыс жылдарының адамзаттық келбетін ашатын тарихи айна. Олар тек дерек қана емес, халықтың рухани болмысын танытатын мұра. Бұл хаттарды зерттеу арқылы біз сол кезеңдегі моральдық-психологиялық ахуалды, жауынгердің ішкі дүниесін, отбасыға деген көзқарасын және Отан алдындағы парызын тереңірек түсіне аламыз. Ал бұл хаттарды жеткізуді қамтамасыз еткен далалық пошта жүйесі – соғыс инфрақұрылымының ажырамас бөлігі, байланыс пен сенім көпірі болды.

Далалық пошта қызметі – соғыс жылдарындағы адамгершілік пен үмітті сақтауға арналған ерекше әлеуметтік феномен. Ол әскери құрылымның бір бөлігі ғана емес, соғыс даласындағы адам жанын тіреп тұрған рухани арқау болды. Сондықтан бұл құбылысты зерттеу тек тарихи ғана емес, мәдени, психологиялық және құндылықтық тұрғыда да өзекті болып қала бермек. Бүгінгі күні бұл қызмет туралы зерттеулер жалғасуда. Далалық пошта қызметінің тарихы – бұл кеңес халқының ерлігі мен төзімділігінің, ұйымдастырушылық қабілеті мен адамгершілігінің дәлелі. Бұл хаттар арқылы біз соғыс кезіндегі кәдімгі адамдардың өмірін, олардың сезімдері мен ойларын, үміттері мен қорқыныштарын түсіне аламыз. Олар тарихи ғылым үшін баға жетпес дерек көздері болып қала береді.

Бұл зерттеудің нәтижесі – хаттардың тек тарихи шежіре емес, жадының, руханияттың, ұлттық болмыстың тірі куәгері екенін дәлелдеу. Майдан хаттары тарих ғылымы үшін де, филология мен архивтану үшін де, мәдениеттану мен педагогика үшін де кешенді зерттеу объектісі болуға лайық.

ӘДЕБИЕТ

Белокурова Г.Н. Письма с фронта как исторический источник времен Великой Отечественной войны. Барнаул, 2020. 328 с.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР МОМ) қоры КП 17426/8 – Валентинаның жолдасына жазған хаты – 1944 ж.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР МОМ) қоры КП 17763/40а – Шекмановаға жазылған хат. 1944 ж.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР МОМ) қоры КП 17763/40в – Асқардың жазған хаты. 1944 ж.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР МОМ) қоры КП 18058/38 – Әкесінің қызына жазған хаты. 1943 ж.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР МОМ) қоры КП 18731/24 – Юсуптың достарына жазған хаты. 1945 ж.

Иванюк Б.П., Харитонов О.А. К проблеме речевых жанров в литературоведении // Теория литературы. 2023. № 3. С. 18-27.

Коровин В.В. Полевая почта Центрального фронта в дни Курской битвы. // Военно-исторический журнал. Москва, 2019. №8. С. 27-31.

Пересыпкин И.Т. Связь сердец боевых: Воспоминания. 2-е изд., доп. Донецк: Донбас, 1979. 174 с.

Яковлев Н. Н. Письма с фронта как исторический источник. Москва: Наука, 1962. С. 190.

REFERENCES

- Beloglazova G.N.* Pisma s fronta kak istoricheskij istochnik vremen Velikoi Otechestvennoi voyny. Barnaul, 2020. 328 s. (In Russian)
- KR Memlekettik Ortalyk muzei (KR MOM) kory, KP 17426/8 – Valentinanin zholdasya jazgan haty, 1944 zh. (In Kazakh)
- KR Memlekettik Ortalyk muzei (KR MOM) kory, KP 17763/40a – Shekmanovaga jazylgan hat, 1944 zh. (In Kazakh)
- KR Memlekettik Ortalyk muzei (KR MOM) kory, KP 17763/40v – Askardyn zhazgan haty, 1944 zh. (In Kazakh)
- KR Memlekettik Ortalyk muzei (KR MOM) kory, KP 18058/38 – Akesinin kyzyna zhazgan haty, 1943 zh. (In Kazakh)
- KR Memlekettik Ortalyk muzei (KR MOM) kory, KP 18731/24 – Yusuptyn dostaryna jazgan haty, 1945 zh. (In Kazakh)
- Ivanyuk B.P., Kharitonov O.A.* K probleme rechevyh zhanrov v literaturovedenii // *Teoriya literatury*. – 2023. – № 3. – S. 21–22. (In Russian)
- Korovin V.V.* – Polevaya pochta Tsentral'nogo fronta v dni Kurskoi bitvy. // *Voенно-istoricheskij zhurnal*. Moskva, 2019. №8. S. 27-31. (In Russian)
- Peresypkin I.T.* Svyaz serdec boevyh: Vospominaniya. 2-e izd., dop. Doneck: Donbas, 1979. 174 s. (In Russian)
- Yakovlev N.N.* – Pisma s fronta kak istoricheskij istochnik. – Moskva: Nauka, 1962. S. 190. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Асылбекова Назгүл Оңталапқызы – ҚР Мемлекеттік орталық музейі, ғылыми қызметкер, Әл-Фараби ат ҚазҰУ докторанты. E-mail: alhao@mail.ru

Сведение об авторе: Асылбекова Назгуль Онталапқызы – Научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан, докторант КазНУ имени аль-Фараби. E-mail: alhao@mail.ru

Information about the author: Nazgul O. Assylbekova – Researcher at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, PhD student at Al-Farabi KazNU. E-mail: alhao@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 30.05.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 02.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2025